

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№16 (7853)

Жұма
22 сәуір
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Жаңалығы мол Жолдау

Жаңа кезеңге қадам бастық

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Жолдауда ең алдымен, қоғамның қажеттілігіне, сұранысына негізделген басымдықтар айтылды. Онда Президент Қазақстан азаматтық қоғамы қалыптасқан мемлекетке айналатынын алға тартты. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа Жолдау ел дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей. Жаңа Қазақстанның негізі саяси және экономикалық реформалардың үйлесіміне негізделуі керек екені баса айтылды. Ел Президенті «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауында тәуелсіздікті сақтау керек екенін атап өтті.

–Осы күндерде жұртымыз тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді. Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық», – деді. Президент өз Жолдауында халқына салмақты ой тастап, дәлелді тұжырым жасай отырып, нақты бағыт ұсынды. Сондай-ақ, «Конституцияның 30-дан астам бабына өзгерістер енгізу қажет», – деді Қ.Кемелұлы Жолдауында.

Сондай-ақ, Жолдауда саяси мәселелер, оның ішінде сайлау жүйесі, құқықтық жүйе, ел өңірлерін дамыту секілді мәселелер көтерілді. Жолдау халық пен елдің ең маңызды, өзекті проблемаларына жауап беретін ерекше мәнге ие болды. Ондағы міндеттерді жүзеге асыру мемлекетіміздің көкжиегін кеңейтеді, болашағын нұрлы етеді.

Жолдау соңында Президент: «Еліміздің азаматтары ертең емес, бүгін бақытты болғанын қалаймын. Сондықтан, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан артық ештеңе жоқ», – деді. Мемлекет басшысы айтқандай, ел-жұрт болып жаңа Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек етейік. Сондықтан, білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін оқытушылар қауымына зор жауапкершілік жүктеледі. Біздің бүгінгі жастарымыз – Қазақстанның жарқын болашағы.

С.Бакиров,
Н.Әбдіров атындағы орта мектебінің директоры.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Онда елімізді саяси-экономикалық және әлеуметтік тұрғыда реформалауды тереңдетуге бағытталған ауқымды жоспарын ұсынды. Бірқатар маңызды міндеттер қойып, тың бастамалар көтерді. Бұл Жолдау ел дамуының жаңа міндеттерін айқындап берді. Ұлттық рухты оятатын, үлкен өзгерістерге бастайтын, жаңа серпін және жаңа екпін беретін бұл Жолдауды тарихи Жолдау деп айтуға әбден болады.

Ел басшысы мемлекетіміздің саяси бағыттағы жаңғыру үдерісіне қағысты мына мәселелерге арнайы тоқталды. Ендігі жерде Президент ешбір саяси партияларға мүше болмайды. Сонымен бірге облыс, аудан басшылары мен орынбасарлары да партия филиалдарын басқарудан босатылады. Екіншіден, президент билігімен бірге Парламент құзыреттілігі де күшеймек. Яғни, Мәжілістің ел заңдарын шығару және бекіту өкілеті кеңейе түседі. Мәжіліс

қабырғасында құрылатын «аудиторлық палата» үкімет пен экономикаға жауапты мекемелерден жылына екі рет есеп алып отырады. Бұл өз кезегінде экономикалық және қаржылық жемқорлықты азайтуға өз септігін тигізбек. Үшіншіден, жаңа Қазақстанды дамыту үшін өз идеяларын ұсынатын партия қатары көбейеді. Тағы бір қуантарлығы, алдағы сайлауларда 70 пайыз пропорционалдық және 30 пайыз мажоритарлық жүйе бойынша жергілікті кез келген азаматқа Мәжіліске немесе мәслихатқа депутат ретінде сайлануға құқық беріледі. Төртіншіден, Қазақстан азаматтарының құжын қорғау, заң аясында әділеттілік орнатуды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құрылады. Бұл да еліміздің демократиялық жаңару жолындағы құтты қадамдарының бірі деп ойлаймын. Сонымен қатар, Президент еліміздің әкімшілік-территориялық құрылымына байланысты өз ұсыныстарын жеткізді. Мемлекет басшысының арнайы жарлығы шыққаннан кейін жақын уақытта Ұлытау, Абай және Жетісу облыстары құрылатын

болады. Олардың орталығы Жезқазған, Семей, Талдықорған қалалары болып қала береді. Ал, Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласы болып белгіленді. Ел басшысы бұдан басқа да халықтың көкейінде жүрген бірқатар келелі мәселелерге тоқталып, Үкімет пен Парламентке тиісті тапсырмалар жүктелді. Президент өзінің Қазақстан халқына адал қызмет ететініне сендіре отырып, әрбір азаматты байтақ еліміз бен жеріміздің болашағы жолында жұмыла үлес қосуға шақырды.

Ел дамуы үшін жасалынып жатқан нақты жұмыстар бүгінде жұртшылықтың көңілінен шығуда. Мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдай отырып, бұл Жолдау бүкіл халық үшін қуатты жұмылдырушы бастама болатынына сенімдімін. Жолдаудың міндеттерін іске асыру Қазақстан дамуындағы ауқымды серпіліс үшін мүмкіндік болады деп сенемін.

Т.Таукеев,
«AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

Аудандық мәслихатта

Депутаттық фракция мәжілісі

19 сәуір күні Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты Қ.Мұсахановтың төрағалығымен депутаттық фракциясының отырысы өтті. Фракция жұмысына «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі С.Әбеуова, аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев, фракция мүшелері Н.Шуланова, Н.Бейсекеев, Б.Қалақбасов, Н.Мангишев, М.Ыбышова және бөлім, мекеме басшылары қағысты.

Күн тәртібінде партияның «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты 2021-2025 жылдарға арналған Ақтоғай ауданы бойынша сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының

2021 жылғы орындалысы және 2022 жылға арналған жоспары жөнінде және Ақтоғай аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы атынан сайланған депутаттардың рейтингісі туралы мәселелер жан-жақты қаралды. Басқосуда ауданның экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Н.Медеубек баяндама жасады. Хабарламада Жол картасында көрсетілген іс-шараларға жеке-жеке тоқталып өтті. Жол картасында көрсетілген іс-шаралардың әрбір тармағының орындалуына фракция мүшелері мен мемлекеттік мекеме басшылары тікелей жауапты болып енгізілді.



Сонымен қатар, Ақтоғай аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев партия атынан сайланған депутаттардың рейтингісі туралы ақпар берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты тиісті сала басшыларына сұрақтар қойылып, орындалмау тәуекелі бар жобаларды болдырмау мақсатында жұмыстар ұйымдастырып, сапалы және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету туралы тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден.

Қоғамдық қабылдау өтті

«Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Халықтың әлеуметтік жағдайын ел билігі ең негізгі назарда ұстап отыр деп сеніммен айта аламыз. Себебі, бірінен кейін қабылданған әлеуметтік бағдарламалар мен бастамалар ел халқының тұрмыс өресін өсіру үшін үлкен үлес қосуда. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықтың әл-ауқатын арттыруға, елдің кемел келешегін айқындайтын Жолдауларының өзі неге тұрады. Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайы жылдан-жылға жақсарып келеді. Бұл тұрғыда елдегі бас партия – «AMANAT» партиясының алар орны ерекше. Мемлекет тарапынан талай жақсы бағдарлама жасалды деп жатырмыз, сол секілді «AMANAT» партиясы ұсынған игі бастамалар да аз емес. Мәселен, «Бақытты



отбасы», «Халыққа көмек», «Ауыл – ел бесігі» және «Құтты мекен» атты төрт негізгі партиялық жоба дәл қазіргі таңда өзекті болып тұрған әлеуметтік жағдайларды шешуге бағытталған. «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалы ғимаратында «Халыққа көмек» партиялық жобасы аясында

аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжолов қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың талап-тілегін тыңдады. Кездесуге аталмыш аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеев, Ақтоғай ауылының әкімі Қайыр Болғанбаев қатысты. Азаматтарды қабылдау барысында

тұрғын үйлер жанынан суағарлар жасау, кәріз жүйелерін жүйелі түрде тазалап тұруға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, олардың да пікірі назарға алынды. Сонымен қатар, кездесуде ауыл жастары арасында кәсіпкерлікті дамытуға және қолдауға арналған аудан әкімінің гранты және «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша сұрақтар қойылып, жауап берілді.

– Қазіргі таңда «AMANAT» партиясы халықтың мүддесін қорғайтын және Президент тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізетін басты институт болып табылады. Бүгінгі таңдағы қоғамның аса өзекті сұраныстарының бірі – партияның ашықтығы және халыққа жақын болуы. «Халыққа көмек» жобасының мақсаты – мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық әлеуметтік көмекті Бірыңғай әлеуметтік терезе арқылы бір жерден әрі жедел түрде халыққа жеткізу. Партия бұл іске мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды және бизнес қауымдастықты да жұмылдырып, олардың қызметтерін үйлестіруші рөлін атқарады. Біздің басты міндетіміз – халықтың мәселесін тиімді шешуге ықпал ету, – деді А.Аманжолов.

Гүлнар ЕЛЕУСЗОВА


Тазалықтың екі айлығы

Серпінді сенбілік

Қазақ ықылым заманнан «Тазалық табалдырықтан басталады» деген. Осыдан-ақ, адам өмірінде тазалықтың қаншалықты маңызды екенін байыптауға болады. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті.

Осы орайда, аудан әкімінің өкіміне сәйкес, аудан елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың екі айлығы басталды. Өкімге сәйкес, тазалық айлығы үстеміздегі жылдың 16 сәуірі мен 12 маусым

аралығында өткізіледі. Тазалық айлығы барысында аудан орталығы мен барлық елді мекендерде күл-қоқыстардан тазалау, көшеттер отырғызу, гүл егу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланған. Тазалықты жанына серік еткен ақтоғайлықтар бүгін аудан



елді мекендерінде көркейту және көгалдандырудың екі айлығына сәйкес, сенбілік шарасын белсене бастап кетті.

Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Соның ішінде, өткен сенбіде аудан орталығы Ақтоғай ауылының орталық көшелері мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Атап өту қажет, бұл күнгі сенбілік аясында Ақтоғай ауылы бойынша тазалық жұмыстарына – 250 адам, 2

техника жұмылдырылды. Тазартылған аумақтар бойынша 350 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылды. Бұл шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және ауылдың санитарлық жағдайын

жақсартуға бағытталды.

«Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» дейді ағылшын жазушысы Томас Карлейль. Айтса айтқандай-ақ, қоршаған ортаның таза болуынан адамзат баласының басты байлығы оңалатыны хақ. Жыл сайын өткізілетін айлықтың мақсаты – туған жерді түлетіп, қолдан келгенше жайқалту. Қашанда халық үшін туған жеріміз – руханияттың темірқазығы, ұлттық құндылықтың алтын бесігі, береке-байлықтың бастауы. Сондықтан, өз тұрған жеріміздің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат атамекенін қадірлеуге тиіс.

Думан ҚАБЫЛ.

Жағымды жаңалық

Өрт сөндіру бекеті ашылды



Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қандай да бір себептерге байланысты орын алған өрттерді жедел ауыздықтау – әкімшілік бірліктердің атқарушы билігі мен салаға жауапты мемлекеттік органдардың басты міндеті. Себебі, оның арғы жағында адам өмірі мен қоғам мүлкін сақтау талабы тұрады. Осынау маңызды қажеттілікті негізге ала отырып, Ақтоғай ауданына қарасты Қарабұлақ ауылдық округінде жана өрт сөндіру бекеті қолданысқа берілді. Өрт сөндіру бекетіне 1 штат бірлігі қаралып, тиісінше жоғары қысыммен су бұрку құрылғысы, су сору мотопомпалары, тиісті көлік тіркемесі, су құю ыдыстарымен қамтылған. Маңызды нысанның салтанатты ашылу рәсімінде жергілікті тұрғындарды аудан әкімінің орынбасары Қайрат Қошанғаев, аудандық

төтенше жағдай жөніндегі бөлімнің басшысы Н.Жакупбаев, аудандық өрт сөндіру бөлімінің бастығы Ринат Құмаров, аудан әкімдігінің төтенше жағдай жөніндегі маманы Жанайдар Әзімбаев құттықтап, жүрекжарды лебіздерін білдірді. Лентасын қиып, құрылым мамандарына сәттілік тіледі. Аудандық және ауылдық мәдениет үйлерінің өнерпаздарының ән-шашуы жағымды жаңалыққа риза пейілдегі ауыл тұрғындарының қуанышын еселей түсті. Уақыт тынысымен үндесе қадам басып, даму жолына түскен ауылды мекендейтін қалың қауым алдағы уақытта осы тектес көңілге қонымды істердің орнықты жүзеге асырылып, ел мұқтажы өтеле береріне сенімді.

Д.Бақышев.



Байқауға қатысып, бақ сына, жас ұрпақ!

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялаганы баршамызға мәлім. Осы мақсатта Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС ұжымы 7-14 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында туған жер туралы және өзі қалаған еркін тақырыпта шығарма (эссе, новелла) жазудан және өлең жазудан байқау өткізеді.

Байқаудың негізгі мақсаты: өскелең ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, жас қаламгерлерді шығармашылыққа баулу.

Байқаудың шарттары

Байқау балалар арасында өтетіндіктен, шығарма:

– Стандартты қаріп TNR – 10 шрифтімен, интервалы 12 болып терілген, бір беттен аспайтын екі тақырыптағы (біріншісі «Қымбаттым менің – туған жер» тақырыбында және екіншісі еркін тақырыпта) екі шығарма жазу;

– Поэзиялық туынды 3-4 шумақтан аспайтын (біріншісі «Қымбаттым менің – туған жер» тақырыбында және екіншісі еркін тақырыпта) екі өлең.

Шығармада алғашқы кезекте шығарманың ашылуы, тілдік қоры, көркемдігі ескеріледі.

Шығармалар 25 мамырға дейін «Aqtogai ajary» газеті редакциясының Aqtogai_red@mail.ru электронды поштасына хат жолдау арқылы қабылданады. («Балалар жылының байқауына» деген мәтін міндетті түрде жазылуы керек). Анықтама алу үшін 87103721539 телефонына хабарласуға болады.

Байқау қорытындысы 1 маусым – Халықаралық Балаларды қорғау күнінде шығарылады.

*Байқау қоржынынан

Қасым Аманжоловқа арнау

Толғанысын ішіндегі жасырмай,
Өлең жазған, жарқылдайтын жасындай.
Әр адамның жүрек кылын шертетін,
Бұл заманда ақын аз-ау Қасымдай.

Ақиқатшыл, шындық сүйгіш, салмақты,
Аудармашы, әнші, сазгер, жан-жақты.
Пианино, сырнайларын сайратып,
Домбырада әуелетіп, ән сапты.

Қазақ елі бас имеді ірісінде,
Өзі жайлы өзі айтқан тірісінде.
Өнерімен жол тауып жүректерге,
Тиянақты болыпты әр ісіне.

Өлендері тұнып тұр нәзік сырға,
Бір қуантып, батырар бірде мұңға.
Әр сөзіне жанымыз тебіренген,
Қасым аға біз үшін дара тұлға.

Өлендері ғұмырлы... Бір сыр бар ма,
Ғасырлардан жетеді-ау ғасырларға.
Әрбір жазған, шығарған шығармаңыз,
Мәңгі бақи өлмейді, Қасым аға!

Нұрым Жанатов,
М.Ержанов атындағы
ЖББ мектептің 9-сынып оқушысы,
Нарманбет ауылы.

*Байқау қоржынынан Ақтоғай ажары

*Байтұрсыннов Ахметтің үнімен,
Бастау алған басымызға үнімен.
Ақтоғайдың, ажарынан іздейді,
Тұңғышты ой, сикырлы сөз өңіген.*

*Қаламгерлер қыл қаламы тебіген,
Жаңалықтың жаршысы боп түлген.
Қарлы қыста мұз жастанып, су
кешіп,
Қиындыққа демей болған үнімен.*

*Құс қанаты қияларға салмайды,
Жазатыны елдің, мұңы, жағдайы.
Сыр бермеген тұмардай-ақ, тағалы,
Еңбегінен рахат тапқан талайы.*

*Тарих сырғын ұрпағына жеткізген,
Өрнектенген ғасырлардың үнімен.
Тұңғыштың, жасай берші, мәңгілік,
Ақтоғайдың, тұмары боп демеген.*

*Оқырманның көз-құлағы, айнасы,
Алаш жұрты 100 жылдықты
тойласын.*

*Ұрпақтың, жыр моншағын кестелеп,
Ақ, тілекпен шауықтарын арнасын.*

Әлима Зекен,
К.Байсейітова атындағы
мектептің
8-сынып оқушысы.



Қазақстан-2050: білім стандарты

STEM – Цифрлық әлемінде

Шашубай кенті мектеп-бөбекжай кешені (мектеп жанындағы интернатымен) базасындағы Тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ қабырғасында «Тірек мектебіндегі білім беру үдерісінің ерекшеліктері» атты тақырыппен облыстық семинар өткізілді. Онда физика-информатика пәнінің мұғалімі Әбілқап Руслан Ақдарбекұлы мен физика-математика пәнінің мұғалімі Рақымжан Ержан Бауыржанұлы «STEM – Цифрлық әлемінде» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді.

Қазіргі таңда әлемде ақпараттың қарқынды дамуы, жоғары технологиялық инновациялар – біздің өміріміздің барлық салаларын дамытуда. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгерістер үстінде. Ғылым, математика, технологиялар, өнер және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек. Оларды STEM деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады. Бұл бағдарлама ақпараттық технологияларды тиімді қолдану және сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін



тездетеді және жеңілдетеді. Мамандардың айтуынша, «STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEM меңгеруге, сонымен қатар, күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлеу.

Аталмыш білім ошағында өткен

танымдық сабақ барысында, математикадан ықтималдық теориясы, 3D графикамен жұмыс «SketchUp», виртуалды шындық көздірігімен саяхат, гидрапоника саласындағы жас зерттеушілеріміздің жұмыстары таныстырылды.

Мектеп ұстаздарының айтуынша, жаратылыстану-математика бағытында ашылып жатқан STEM

лабораториялар еліміздің барлық мектептерінде жабдықталатын болса, бұл мемлекетіміз үшін инженерлік, машина жасау, ғарышты игеру, мұнай өндіру сынды техникалық мамандықтардың дамуына өз үлесін қосады. Және ірі кәсіпорындарда, «Байқоңыр» ғарыш айлағында, мұнай өндірісінде жаңа технологияларды меңгерген мамандар даярлайды. Сондықтан, болашақта оқушыларға STEM арқылы әлемдік білім беру технологияларымен үздіксіз оқыту – заман талабы, – дейді. Қазақтың ойшыл президенті Шәкәрім Құдайбердіұлының «Құбылған әлем жарысы – ақылды жанның табысы» деген ұлағатты сөзі бар.

Иә, әлемде технология көз ілеспес жылдамдықпен күн сайын жаңарып, даму үстінде. Келешекте елдің байлығы, даму көрсеткіші, халықтың әл-ауқаты жерасты байлықтарына емес, заманауи технологияны қаншалықты игергеніне байланысты болмақ. Бұл тұрғыда уақыт талабы мен заман ағымына бейімделген мамандардың бәсі басым болатыны белгілі.

Думан ҚАБЫЛ.

Қазыбек би Келдібекұлының туғанына – 350 жыл

Кемеңгерлік иесі

Қазыбек би Келдібекұлы – 1667 жылы дүниеге келген (кіндік қаны тамған жері белгісіз, шамасы Сыр өңірі, оның ішінде Қаратау маңы), қазақтың Тәуке, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан мемлекет және қоғам қайраткері, Әз Тәуке құрған «билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» заңдар Кодексінің шығарушылардың бірі. Шыққан тегі – Орта жүз, Арғын тайпасының ішіндегі Қаракесек руынан. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қазыбектің әкесі – Келдібек, шешесі – Токмейіл, ал, Келдібектің әкесі – абыз атанған Шаншар, ол Бұлбұл бабаның баласы. Қазыбектің анасы Токмейіл ұтымды да тапқыр сөздерді көп білетін зерек кісі болыпты. Анасы айтқан есті сөздерді кішкентай күнінен жаттап өскен ол ержете келе өзі де солай сөйлеуге машықтана бастайды. Ел арасында айтылып жүрген дана сөздерді, мақал-мәтел, накыл өнерді, ақын-жыраулардың терме-толғауларын, шешен-билердің ұтымды айтқан сөздерін есінде сақтай жүреді. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» (Абай) деген сөз осындайда айтылса керек. Әсіресе, әке тәрбиесі оған мол әсер етеді. Ел арасындағы әңгімеге жүгінсек, Қазыбек жеті жасында-ақ шешендігімен, алғырлығымен көзге түсе бастапты. Бір жүйрікке таласқан екі жігітке төрелік айтып, би атаныпты.

Қазыбек шешендік өнерінің арқасында бала биден дана биге айналып, «қара қылды қақ жарған Қаздауысты Қазыбек би», «алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болды. Содан болар, Тәуке хан мемлекет тұтастығына жарықшақ түсірмей, халықты бірлікте ұстау үшін үш жүзді өзінен шыққан үш би арқылы басқарғанда, Орта жүзге осы Қазыбек биді тағайындайды. Ол ел басқару ісіне араласып, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатына елеулі ықпал жасап отырады.


Би есімі халыққа қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік, шапқыншылық кезінде екі елдің арасында бітімші, бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмілегер ретінде мәлім. Қазақ-жоңғар қақтығыстары

өршіген алмағайып заманда Орта жүздің сұлтаны Абылай жоңғарларға тұтқынға түседі (1741 ж.). Қаздауысты Қазыбек бидің дипломатиялық дарыны осы тұста жарқырай көрінді. Хан тұқымы екендігін былай қойғанда, жоңғар шапқыншылығына тегеурінді қарсылық көрсетуді ұйымдастырушылардың бірі ретінде алты Алашқа танымал болып қалған саяси тұлғаны жау қолында қалдырып, қол қусырып қарап отыру, демократиялық дәстүрі берік дала халқы үшін өрескел көрінетіні айдан анық. Сондықтан, екі ел арасында орнаған біршама тыныш кезең мен Жоңғар мемлекетінің өз ішіндегі тақ таласына байланысты туындаған саяси дағдарысты дер кезінде пайдалана отырып, 1743 жылы жоңғар қоңтайшысының ордасына Қазыбек би бастаған

бір топ елші аттандырылады. Сондағы жоңғар билеушісінің ордасында Қаздауысты Қазыбек айтыпты делінетін көсемсөз дипломатиялық өнердің де, шешендік өнердің де асқақ үлгісі болып табылады (А.Оразбаева. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, 2004. 126-бет). «Біз қазақ деген мал баққан елміз, Бірақ, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, Жеріміздің шетін жау баспасын деп, Найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, Дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, Ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса, күн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз. Сен темір болсаң, біз көмір, Еріткелі келгенбіз. Екі еліктің баласын теліткелі келгенбіз, Қазақ-қалмақ баласы табысқалы келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, Танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан, Алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желіммін, Жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітімді айт. Бермесең, дірілдемей жөніңді айт. Не тұрысағын жеріңді айт, – депті (Н.Төрқұлов. Қазақтың жүз шешені. Алматы, 1993. 91-бет).

Н.Төрқұловтың жинағында келтірілген әңгімелерге сәйес, Қазыбек жоңғар қоңтайшысына бала жігіт шағында барған. Ал,

оның туған жылы 1667 жылы екендігі белгілі. Ендеше, тіпті, қазақ пен жоңғар арасында елшіліктер алмастырыла бастаған XVIII ғ. 30-40 жылдары



былай тұрсын, 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде-ақ Қазыбек 56 жаста болған. Бұл – бір. Екіншіден, халық аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қазыбек өз сөзін жоңғардың Ежен ханына қаратып айтқан. Мұндағы Ежен – жоңғар қоңтайшысы тарихи Қалдан Серен екендігі, Абылай осы Қалдан Серен тұтқынында ұсталғаны белгілі жайт. (А.Оразбаева. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән... 128-бет). Қайсыбір жылдарда тарих пен жырдың алшақтығы кездесетіні, бірақ, оқиғаның анық халықтық сипаттамасының көрінуі басты шарт екені есте болуы керек.

Бірқатар деректерге қарағанда, Қаздауысты Қазыбек би осы жолы өзінің кемеңгерлігінің арқасында Абылайды тұтқыннан босатып, Түркістан мен оның атырабындағы оғыздан астам қаланы қайтарып алуға ықпал жасап қана қоймай, қазақ пен қалмақарасында бітімжасалуына да қол жеткізіп қайтқан. 1745 жылғы Қалдан Серен өлімінен соң Жоңғарияның өз ішінде лаң болмағанда, қол жеткізілген бітімнің қаншалықты уақытқа созыларын кім білсін?!

Үш жүздің ішіндегі шешуі қиын, ең күрделі мәселелердің басы-қасында жүріп, хандардың сенімді ақылшысы, халықтың ханға бергісіз биі болған Қазыбек әр кез бағыр жинап, ел шаппай, қылыш шауып, оқ атпай-ақ, ақылмен жол тауып, ел бірлігінің ұйытқысы бола білген. Барақ сұлтан қысастықпен 1748 ж. 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілхайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріпкі салағын қылмыс деп санаған. Бараққа:

«Сылтауратып сытыла алмайсың, не өліп тынасың, не жөніңмен жеңіп құтыласың. Екінші бірі, Барақ», – дей келіп, билер сотын мойындағып: «Уа, би аға! Айттың сен, көндім кебіне» деуге мәжбүр етуі, тек, Қазыбектей айбыны ай жасырған текті бидің қолынан ғана келсе керек (Сейдімбек А. Келдібекұлы Қазыбек би. Шығ., 5 т. 2010. 468-бет). Бір қызығы, хан тұқымы Барақ қарадан шыққан Қазыбектің айтқанына көніп қана қоймай, өзінің ісін қарайтын билерді де өзі тандап алыпты: Алшын – төртқара Қаратоқа би, Қаракесек – қозанай Мәмбет би, Найман – бағаналы Өтебай би. Барақ сұлтан тартылған билер сотының құрамына Төле, Әйтеке, Жалған, Баба, Сырлыбай билер де кірген. Бұл түсінікті де. Себебі, хан тұқымын екі немесе үш емес, көптеген кісілерден тұратын билер кеңесі ғана қарай алса керек. (Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән... 106-бет). Қазақтың ынтымағын, тәуелсіздігін ойлаған Қазыбектің осы жолы кек туғызып, елдің арасын бұзбай, Барақтың басын аман сақтап қалғаны мәлім.

Қаздауысты Қазыбектің ендігі бір ауыз толтырып айтарлық ерен қадір-қасиеттерінің бірі – оның зангерлік даналығы, ғаламат дала дипломатиясының негізін салушы санаулы ғана дарабоздың бірі болғандығы. Орыстың зерттеушісі Л.Словохотов «Народный суд обычного права Киргиз» деген еңбегінде «Золотой век, о котором вспоминают киргизы, есть царствование хана Тауке... умный, энергичный Тауке... должен стать в летописях киргизских наряду с Солонмом и Ликургом по своей законодательной деятельности. Справедливость и правосудие могущественного хана остановили брани родов. В степи водворилась редкая тишина. Народ отдыхал от кровавых дней былых». Бұл арада зерттеуші «Жеті жарғының» айтып отыр.

«Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар құжаттардың орнына Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» келгені мәлім. Академик С.Юшков ол туралы былай деп көрсеткен: «Вопрос о том, что означает «Жеті жарғы» окончательно не решен казахстанскими историками и филологами. По мнению одних исследователей, это слово означает «Семь истин», другие толкуют его «Объяснение Семи», т.е. семи судей. Нам кажется, что

последнее истолкование является более приемлемым».

Бұл күні «Жеті жарғының» жазуға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биден басқа, қырғыздан Қоқым, қарақалпақтан Сасық би, құрамадан Мұхамед би қатысқаны туралы деректер кездеседі (М.Қозыбаев. Тұлғалар тұғыры. Алматы, 2009. 117-бет).

М.Исламғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіре-намасында: «Жеті жарғының», тек, Тәуке хан және оның алты биі – Сасық, Мұхамед, Қоқым, Төле, Қазыбек, Әйтеке ғана жазған. Сондықтан, жарғы осылай аталған екен десе, сөзсіз ұшқары пікірге жүгінгендік болып шығары анық. Жарғыны жазысуға сол кезде көздері тірі Өнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылкелді сияқты қазақ даласының түпкір-түпкірінен аты шулы билер мен ұлыс басшылары қатысқаны даусыз», – деп жазады (М.Исламғалиұлы. Әйтеке би. Алматы, 1998. 40-41 беттер).

Автордың ой-өрісі дұрыс бағытта өрбиді. Алайда, «Жеті жарғының» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі – Қожаберген жырау. Көтеш ақын «Жиен жырау» дастанында: «Ақылдасып үш бимен, «Жеті жарғының» жазған ер. Кім десеңіз ол бекті, Қожаберген кемеңгер» деуі жоғарыдағы пікірді растай түседі.

«Жеті жарғы» бойынша елішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жерсу, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы даудамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді. Олай болса, Қазыбек бабамызды қазақ халқының тұңғыш конституциялық құжаттар жобасын жасаушылардың бірі деп атағанымыз жөн болар еді.

1718 жылы Әз Тәуке қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы бұрынғыдан да үдей түсті. Оңтүстіктен қырғыздар, қарақалпақтар, Хиуа, Бұхар хандықтары, батыстан башқұрттар, орыс казактары, Еділ қалмақтары қыспаққа алды. Ел қатты күйзеліске түскен осы кезеңде Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жалғастыруға күш салды, оларды ынтымаққа шақырды. Ресей үкіметінің шенеуніктері арқылы орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы.
**(«Орталық Қазақстан»
газетінен алынды).**
Жалғасы бар.

Ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықовтың туғанына – 90 жыл

Ақын – құбылыс!

Бұл Жаратқан иенің құдіретті есімі. Гомерден бастап Гете, Пушкин, Шекспир, Байрон, Бернс, Магжандарға дейін осындай. Алла жарылқап, аруақ жібеген адамдар олар. Ертедегі Шығыс патшалығының көпшілігі шетінен ақын, ғұлама, философ. 15 ғасырдағы қазақтың ақын-жырауларына қараңыз. Қазтуған, Доспанбет, Ақтамберді – әрі батыр, әрі ақын, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сөз бастаған шеһер, ел бастаған көсем еді.

Алаштың арда ұлы, қазақтың жезқанатты жезкіуі Кәкімбек Салықовтың мансап биігінде жүріп, ақын болуы – рухани дүниеміздегі ірі құбылыс, сөз ұстаған халқымыздың ұлылығының бір нышаны. Ендеше, сонану Күлтегіннен бастап бүгінге жеткен ғажайып қазақ



Кәкімбек ақынның өмірбаянынан өлең-баянын бөліп қарауға әсте болмайды.

Ол – мансаптың биік сатыларына барған қайраткер.

Черненконың Генсек болуы үлкен елдің айықпас сырқатының басталуы еді. Төрінен көрі жақын болып әрең жүргенде әлемнің бір тұтқасын ұстап тұрған империяны басқаруға кірісуі партияның әбден тозғанының белгісі болды демей, не тұжырымға келмекпіз. Бір рет қана қызмет бабымен кездестім. Бір танауы мен екі құлағына мақта тығып қойған екен, жаным ашып, шошып кеттім, құлайын деп тұрған ауру пілдей боп көрінген үлкен елді аяп кеттім. Михаил Горбачев жайлы жазарым да, айтарым да аз емес. Бірақ, ол кісі туралы Е.К.Лигачев ақсақал «ол сатқын» деп тура айтты. Соны оқығанда, Горбачев



Қазақтың



Жезқанатты Жезкіуі

жырының қайталанбас бір тұлғасы – Кәкімбек Салықов. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басында оқырманның қолына түскен Кәкеңнің алғашқы жыр жинақтары «Сыр», «Жезкіуі» өлең құмар қазақ баласын жалт қаратқан. Кеніі ақынның өлеңдерінде ойлы да сырлы нақыштар көбірек көрінуі заңды еді. Құдай берген талантын мәпелеп, өмірдің сырына терең бойлады. Кеніілік пен ақындықты құстың қос қанатындай қатар алып жүрген ақынның өлеңбаяны қазақ жұртының көз алдында тереңдік пен биіктік атты өлшемдерге айналдып жүре берді.

«Ақындық пен кеніілік сағы сынбай,
Ұшырады қос қанат қағысындай.
Өзге түгіл өзіме көрінеді,
Құйысқандас қос жүйірік жарысындай.
Арманына жетелеп алыстағы,
Өлең мен кен мәреден қалыспады.
Өзге түгіл өзіме елестейді,
Сәуле менен дыбыстың жарысқаны»,
– дейді Кәкімбек ағам. Оның өлеңдерінде кенііліктің қызуы мен ақындықтың жылуы бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Ол жарық өмірді, қазақтың жұртын, адамзаттың баласын тұтас сүйді. Кәкімбек ақынның Мәскеу, Болгария, Қырғыз, Түркімен, Қарақалпақ жырлары көкжиегін кеңейткен, болашаққа бағдар, болмысқа барлау жасаған, өресін өсірген, шеберлігін шыңдаған – дәуір суреттері.

«Қайда жүрсем,
Ашық аспан – алаңым.
Біреуге – іні,
Біреулерге – ағамын.
Жүрегімді
Достық оты жылытып,
Достарымнан
Мен де рахат табамын», – дегенді ол ақындық адал көңілмен-ақ айтқан.

«Мен де талай қиындыққа тоғысқам,
Менің де әкем оралмаған соғыстан.
Менің де анам ерте кеткен өмірден,
Маған-дағы жақсы жандар болысқан»,
– дейді ақын тағы бір өлеңінде.

Кәкімбек ақындығы адамның ой сезімін ұстап, қиялына қанат бітіреді. Махаббат, сағыныш, парасат секілді ұлы сезімдер оның көңілінен құс болып қанат қағып, Алаш жұртының көңіл айдынына қонып жатады. Әйгілі әнге айналған

«Аңсау» жырында «Елге кетіп қалар ма ем, ере кетіп солармен», – деп көңілдің қыл пернелерін басады. Құштар көңіл, сағыныш сәлемін жолдайды.

Туған жерге, ата-анаға құрмет, сүйіспеншілік пен сағыныш оның кез келген өлең поэмасында атойлап көрініс береді. «Ұрпақ сыры» атты лирикалық поэмасы – ақынның жүрек сыры, жан сезімі. Онда жетім бала, жесір ана, әке өлімі, соғыс кезеңінің ауыртпашылығы жантебіренерлік сезімталдықпен жырланған. Кәкімбек – лиро-философиялық бағыттағы ақын. Осы поэмадағы анасының қайтуы, бала жүрегінің тебіренісі, әке рухымен тілдесуі, ішкі сезім арпалысы оқырман жанын жай таттырмайды.

«Анам менің –
Ардақты адал жарың.
Танытты ғой,
Сен үшін жаралғанын.
Екеуміз ек ақ адал тілегі де,
Сүйеніш, тірліктегі тірегі де.
Ол барда жақын еді сан арманым,
Бір кетсе, орны қайтып толмайды екен,
Анаңнан артық адам болмайды екен.
Асқарым еді,
Сүйенішім,
Ақылышым.
Еш пендеге алданбай,
Тосумен өтті өзіңді ғана армандай,
Енді екеуің де қара жерде жатырсың.
Ол «бақылымын» деген,
Сен – бақылысың.
Тәтті әуенге салар ем,
Жетер саған үн болса.
Анам атын қояр ем,
«Тосу» деген гүл болса.
Сондай-ау шығар дүние,
Тоса білген жан болса».

Кәкімбек – ақын сезімін іркіп қала алмайтын, үлкен жүректің жырышысы. Оның жырлары – өзі туған Қызылжар мен Көкшениң саф ауасындай тұнық, қайыңдары мен қарағайындай биік, айдын көлдеріндей мөлдір. Академик Серік Қирабаев Кәкімбек інісінің өлеңдері жайлы: «Туған табиғаты сүйікті ұлына құйылып тұрған сұлу жыр сыйлаған. Оған Ақан әндерінің сұлулығы мен сыршылдығы, Ыбырайдың ерлігі, Мағжанның сезімталдығы дарыған.

Сезім шынышылдығы оның өлеңдеріндегі ойды ашып, нақтыландырады. Оның табиғат, махаббат жырлары осындай. Олар да сағыныштан туады.

«Сағынышым құс жолындай жалғайды,
Жалғызтау мен Ұлытаудың арасын», – дейді ол. Ақынның «Күз», «Оқжетпес», «Көкшетау», «Ақжаруын», «Есілге», «Теңізе» тәрізді өлеңдерінде сол өлкелерге тән суретпен бірге, онымен ұштасып жатқан адам сезімі, көңіл-күйі жырланады. Өлеңнің лирикалық кейіпкері кейде бұлтқа ұқсап, «Түнерсем де кей-кейде жаумай кетем», «Сәл жабықсам, әп-сәтте ашыламын. Күн сәулесін құлиына ала келген, ақ жаңбыр боп төгіле шашыламын», – дейді.

Кәкеңнің әнге айналған өлеңдері көп. Бір ғана «Жезкіуі» өлеңіне ұлы сазгер Нұрғиса Тілендиевтен бастап, Жақсыгелді Сейіповке дейін ондаған композитор әуен шығарыпты.

«Құмарым қайта көріп қанар ма екен,
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?!
Болмаса суық қолды бір сұм мерген,
Дәл көздеп киікті атып алар ма екен?!
Сұлуды адам жаны қымайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жезкіуі, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далама сыймай кетем,
Бір өзім Сарыарқама сыймай кетем».

Алаштың арқалы ақыны Серік Ақсұңқар інісі бұл жөнінде былай дейді: «Кәкең көрген Жезкіуі біз де көрдік. Бірақ, Кәкеңнің көзіне іліккен киіктің керемет кербез болмыс-бітімі, мүлде бөлек. Бір өзі – бір Жезқазғанның символындай, «Баяғы қызыл ішік киген қыздай, жез камзол киік» бұл! Осынау ғажайып сиқыр өлеңнің авторы Жезқазған обкомының хатшысы екенін білгенде таңқалған үстіне таңқалып едім. Сол «Жезкіуі» әнге айналып, Атырау, Арқа, Алатау, Алтайдың арасын шарлап жүр! Корольдің құпия кеңесшісі Иоганн Вольфганг фон Гете алғашқы нәм соңғы өлеңін әйел затының сұлуына бағытаса, К.Салықов алғашқы өлеңін Алаш анасына арнады. Бұл ұғым Кәкеңнің көзіне біресе Жезкіуі, біресе Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал, Тәттімбет, біресе Сәкен, Қаныш, Евней, біресе Күләш, Бибігүл, Фариза болып елестейді.

алған Нобель сыйлығы есіме түсті. Бұл өте күрделі кезең еді. Кеңес одағының тұңғыш Президенті, Жоғарғы Кеңестің төралқасын да басқарды. Сол төралқаға (президентум) Р.Ғамзатов, Ш.Айтматов және мен мүше болдық. Мәжілістерде талай айтыс-тартыстар болып жатады. Сол талқыласу мен салғыласуға Шыңғыс ағамыз белсенді қатынасатын, өзінің де шақарлығы аз емес, үндемей қалған жерім жоқ болатын. Бір күні дачамаз қатарлас болғандықтан, жеті кездесулерді пайдаланып:

– Расул аға, сіз неге үндемейсіз, кейде бір сүйеніш табамын ба деп, көптен дос болған соң сізге қараймын, мизбақпайсыз, ал Айтматов болса бірде қоштап, бірде тоқтау айтып жатады дегенімде:

– Ай, Какимбек мой брат, бұл Горбачев пен Айтматовтың әңгімелері ұнамайды, осылар одақты құлатады, – деді. Ұлылығына күмәнім жоқ еді, мына сөзінен кейін ол кісіге тиісуімді қойдым. Тағы да Расул ағамен бір кездесуім өлең болып кетті. «Құшақ жайып ізетпен бағалайтын,
– Расул аға, ассалаумағалайкум!

Саулық қалай дедім мен сабыр сақтап,
Емханада нең бар көп жағалайтын?
Қатты ойланды, қыздырды ма, сұрақ бой,
Көзі күлді.

Сыбырлады-ау зиятты ой.
«Мына сырқат мемлекетте, – деді ол,
– Сау жүрудің өзі маған ұят қой».

Міне, Ғамзатов, ол сырқат мемлекетте сау жүруге ұялатын. Ал, өзімді Қарақалпақстанда атақты ақын Ибрагим Юсуповты қатты қорғап, нық қолқабыс жасағаным үшін қатты сыйлайтын. «Ақынға ақын дос» дегенді берік анттай сақтадың деуші еді. Адамзаттың абзалы Расул ағамыздың айтқаны айнымай дәл түсті, сырқат мемлекет құлады. Горбачевтің өзі де сұлап түсті. Хрущевті екі рет алыстан көрдім. Студент кезімде Сталин өлгенде жастық шақтың өжет күшінің арқасында қоштасуға қатынастым.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты.

Азаматын ардақтады

16 сәуір күні аудандық спорт кешенінде 2009–2010 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында қазақ күресінен ауданнан шыққан тұңғыш спорт шебері Қасымов Мұрат Әуезханұлын еске түсіруге арналған аудандық турнир өтті.

Әбеуов құттықтау сөзімен ашты. –Мұрат Әуезханұлы спорт саласында ғана дараланбаған. Білім беру саласында ұстаздық етіп, өмірлік тәжірибесі мен білімін, еліміздің болашағы – жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуге жұмсап, жастардың патриоттық рухын қалыптастыруға зор үлесін қосқан жан. Мұрат



Турнирдің негізгі мақсаты – аудан көлемінде қазақ күресін дамыту, саламатты өмір салтын насихаттау, спортшыларды достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Спорттық шараға аудандық мәслихат хатшысы Рашид Әбеуов, Мұрат Қасымовтың отбасы, туыстары мен жора-жолдастары қатысты. Байрақты бәсекені аудандық мәслихат хатшысы Рашид

Әуезханұлы жасынан спортқа, оның ішінде күреске бейім келген, өз заманында еркін күрестен чемпион атанып, спорт шебері болған. Сонымен қатар, Ақтоғай аудандық мәслихатының үш бірдей шақырылымының депутаты болып, ауданымыздың қоғамдық өміріне белсене араласты. Ардагер спортшыны еске түсіруге арналған бүгінгі турнир, үлкен дәстүрлі додаларда еліміздің намысын қорғайтын, көк байрағымызды желбіретіп, жарыстың жеңіс тұғырына шығатын спортшыларымыздың шыңдалуына көп септігін тигізетін сөзсіз. Ауылдарымыздан шыққан спортшылар ертеңгі еліміздің мақтанышы екенін зор сеніммен айта аламыз, – деп сөз сабақтаған Р.Бегілікұлы жарысқа қатысушыларға сәт-тілік тіледі.

Мұнан соң М.Қасымовтың жары Марал апай спорттық шараны ұйымдастырған алқасына алғысын жеткізді. Жалпы жарысқа 8 салмақ дәрежесі бойынша балуандар қатысты. Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар арнайы грамота, сыйлықтармен марапатталды.

Думан Қабыл.

Тай жарысы тартысты өтті

Қасиетті Рамазан айына орай аудан көлемінде қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, ұлттық спорт түрлері кеңінен насихатталуда. Сөзіміздің айқын бір дәлелі, күні кеше ұлттық ат спорты түрлерінен жарыс өткізілді. Шараға аудандық жастар ресурстық орталығы мұрындық болды. Бәйге десе делебесі қозатын қазақ баласы бұл жарыстан шет қалған жоқ. Жарысқа аудан шабандоздарымен қатар Шет ауданының атбегілері өз жүйріктерін үкілеп қосты. Дүбірлі додада тай, құнан жарыс

сайыстары ұйымдастырылды. Бұл жолы оншақты жүйрік тай бәйгеге қосылды. Тұлпарлар бақ сынасқан аламан бәйгеге дала төсін шабандоздардың қиқуы мен тұлпарлардың дүбіріне толтырды. Бәйгенің салтанатты ашылу рәсімінде Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығының директоры Шыңғыс Елеген құттықтау сөз сөйлеп, атшабарларға сәттілік тіледі: «Біз ұлттық ат спортын қолдау, салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың ұлттық спортқа деген қызығушылығын ояту мақсатында осы бәйгені ұйымдастырып отырмыз», – деп атап өтті

Ш.Елеген. Жарыстың қорытындысы бойынша «Тай бәйгесі» бойынша I орынды Р.Байдүйсенов, II орынды А.Турлауов, III-IV орындарды Б.Дүйсенбеков және V орынды Ж.Ғалиолла еншіледі. Жаппай бәйгеден 9 шақырымдық қашықтықта I орынды М.Мұратбек, II орынды А.Дамирұлы, III орынды С.Сағатұлы иеленді. Жеңіске жеткен жеңімпаздарды Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Ауданның жастар ресурстық орталығы.

Қол күресінен сынға түсті

Ауданымызда ұлттық спорт түрлері кеңінен насихатталып, өріс алып келеді. 15 сәуір күні Ақтоғай ауданында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл толуына орай қол күресі және кір тасын көтеруден жарыс өтті. Қол күресі – ежелден келе жатқан ұлттық спорт



түрі. Оның әлем елдерінде де өзіндік атауы мен ережесі бар. Қол күресі «армспорт» деген атаумен дүниежүзінде танымал. Бұл спорт ер жігіттердің білек бұлшық етін жаттықтырады. Қол күресі олимпиада ойындарына кірмесе де, әлем бойынша кең таралған спорт түрі болып табылады. Бұл спорт түріне ауыр атлетикамен айналысып, штанга көтеретін спортшылар бейім болып келеді. Білекті жігіттердің қол қарымы сыналған жарысқа өңірге қарасты кент, ауылдық округтерден және аудан мекемелерінен қатысты. Қатысушылар бес салмақ дәрежесі бойынша іріктелді. Жарыс нәтижесінде жеңіске жеткен жеңімпаздарына арнайы сыйлықтар табысталды.

Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі.

Еске алу



Жидебай ауылының тұрғыны, ардақты ағамыз **Төлеубаев Санаттың** келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанғанына 40 күн толып отыр. Кеше ғана ортамызда жүрген абзал ағамыздан да көз жазып қалдық. Өмірдің осылай тосын қайғысымен қабырғамызды қайыстырып, жүрекке мұң салатынын кім болжаған? Бәрі де бір Алланың жазуы ғой. Ағамыздың нұрлы бейнесі, өмір жолы, айналасына қамқорлығы, бірбеткейлігі – бәрі де көз алдымызда, санамызда жаттаулы. Ардақты ағамыз о дүниеде Алланың рахымына бөленіп, қабірі жарық, топырағы мамық болсын, пейіш рахымына бөленсін деп дұға бағыштаймыз.

Асыл бейнең өшпейді есімізден, Сағыныштың жасы тамар көзімізден. Бақилықтың рахатын тілейміз біз, Бар қимастық білініп сөзімізден. **Сағынышпен еске алушылар: бауыры Төлеубаев Нұрланның отбасы.**

Алғыс білдіреміз

Шаңырақтың тірегі, арқа сүйер асқар тау тұлғалы әкеміз Кнашин Ахат Құлмағамбетұлы фәниден бақиға озғанда ақтық сапарға шығарып салуда біздің қайғымызға ортақтасып, көмек қолдарын ұсынып, демеу берген аудан халқына, Ақтоғай ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты ұжымдарына, туған-туыстарға, құда-жекжат, көршілерге шынайы алғысымызды айтамыз. Сіздерге Алла разы болсын. Еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға амандық тілейміз.

Балалары, жұбайы – Гүлбаршын.

10 тамыз 2021 жылы **Шалғынбаев Әбікен Райымқұлұлы** қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады.

Сарытерек ауылы, Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы мектебіміздің ұстазы **Жазибек Шакаримовке** ағасы **Әзібек Әбілбекұлы Күземхановтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Құттықтаймыз!

Құттықтаймыз!



Асқар тау әкеміз **Бүркіт Кенжеғараұлы** зейнеткерлік–63 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз! Әкеңіз, сізге зор денсаулық, отбасылық бақыт тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын қызықтап, анамызбен бірге Алланың берген жасын жасай беріңіз. Өмір атты баспалдақтың әр сәтін қуанышқа, сәттіліктерге басыңыз. Ұрпақтарыңызбен мың жасап, ортамызда сарқылмас қазынамыз болып жүруіңізді тілейміз.

Зейнет жас – енді өмірдің басталғаны,
Жетіңіз талай шыңға асқар әлі.
Отбасыңыз, ұрпақтарыңыз аман болсын,
Сол емес пе, адамның басты арманы.

Ізгі тілекпен: балалары – Өмірсерік, Мейрам-Фариза, Айдос, немерелері – Шұғыла, Айша және осы тілекке анамыз Марал да қосылады.



Құрметті Мақсұтова Алмагүл Сабырқызы!

Сізді жарты ғасырлық мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңіздің туа біткен қарапайым да, салмақты да сабырлы мінезіңізбен қатар күнделікті атқаратын жұмысыңызға үлкен жауапкершілікпен қарайтыныңызды әріптестеріңіз бағалап, құрметтей біледі. Осы қуанышты сәтте сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын және еңбегіңізге толайым табыс тілейміз. Ұжымдағы әріптестеріңіз бен дос-жаран, ағайын-туыстың ортасында абыройыңыз әрдайым арта берсін.

Ізгі тілекпен: «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» КММ ұжымы.



Құрметті құрдасымыз Рымкүл!

Сені 60 жасқа толған мерей-жасыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Саған мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, арайлап атқан таңың мен шұғылалы кештерің тек шаттыққа толы болып, жақындарыңның ортасында әрқашан бақыт құшып, балаларың мен немерелеріңнің қуанышына тоймай, ортамызда

қадір-құрметке бөленіп жүре бер демекпіз.

Ізгі тілекпен: Сәулебай-Гүлнар, Айман, Асхат-Айсұлу, Мәнай-Зәмзәгүл, Бейбіт-Бақытгүл, Сарқыт, Саят-Гаухар, Махат-Күләш, Берікбол-Саягүл, Мейіргүл, Құдыш-Бибигүл.



Құрметті Рымгүл құдағи!

60 жасқа толған мерей-тойыңыз құтты болсын! Жеңілі мен ауыры, шуағы мен дауылы қатар жүретін өмір атты ұзақ жолдың аяғы талмас жолаушысы болыңыз. Деніңіз сау, жасыңыз ұзақ, ғұмырлы болыңыз. Арайлап атқан әрбір таң мен нұрлана батқан кеш бақыт, қуаныш сыйласын сізге. Жасыңызға дәл осындай жас қосылып, көңіліңіз дөриядай жарқырасын!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгі тілекпен: құдағиыңыз – Оралтай, Бауымбековтер әулеті.



Қадірлі құдағиымыз Сәмбекова Рымгүл!

60 жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыстың асқарынан асқан құдағиымызға дүниедегі бар жақсылықты тілегіміз келеді. Арамызда аман-есен жүріңіз. Немерелеріңіздің есейгенін көріп, олардың үйлену тойларына қатысып, төрінде дәл қазіргідей

қуанып отыра беріңіз!

Жадыратсын жаныңды жақсы сөздер,
Шуақ шашып осы күн жанар-көздер.
Айтулы туған күн иесіне,
Ақ тілекті арнадық мына біздер.

Ақ тілекпен: құдағиыңыз – Күлкен, балаларыңыз – Арнұр-Маржан, жиен немереңіз – Аянат.



Құрметті Рима!

Көктемнің шуақты күнімен бірге келген 60 жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір, ырыс пен ынтымақ, баянды бақыт тілейміз. Балаларыңыз бен немерелеріңіздің қызығын, қуанышын көре беріңіз. Көңіліңіз шаттыққа, шаңырағыңыз бақ пен берекеге толсын. Осы қалпыңыздан таймай, әлі де биік белес, асқар асулардан аса беруге жазсын.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Құттықтаушылар: Дарияш, Гүлмира, Сәуле, Фариза, Гүлдана.



Қазақстан-2050: агроөнеркәсіптік кешен

Көктемнің әр күні – жылға азық

Қаңарлы қыс қыр асып, көктем де бел ортасына шықты. Көктемнің ұзынсары атанған мезгілі қат-қабат, қарбалас тірлікті де ала келетіні бесенеден белгілі. Көктемнің бір күні жылға азық екенін жақсы білетін диқан қауым дала төсін еңбек дүбірине бөлейді. Бүгінде ауыл шаруашылығы саласы еліміздің экономикалық, әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатынын баршамызға белгілі. Мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында бағдарламаларды жүзеге асыру аударымызда да қарқынды даму үстінде. Жаһандану дәуірінде қазақшылықтың қаймағын бұзбай сақтап отырған ауыл адамдары екені баршаға мәлім. Жылма-жыл егіс көлемін ұлғайтып, Жер-Анадан берекелі өнім жинай білген, төрт түлігін түлетіп, ыдысы ақтан арылмаған ауылдағы ағайынның табыс қазанын қайната түсуіне мемлекет тарапынан мол мүмкіндік беріліп келеді.

Аудан аумағындағы шаруалардың көктемгі дала жұмыстарына дайындығы туралы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жанбергеновке жолығып, білген едік. Сала басшысының бізге берген мәліметтеріне сүйенер болсақ, үстіміздегі жылы 2055 гектарға ауылшаруашылық дақылдарын егу жоспарланған. Оның ішінде 675 га бидай, 1300 га арпа, 1500 га көпжылдық шөп, сонымен қатар, ашық топырақта 50 (шаруа қожалықтары 23 га) гектар картоп, 30 (шаруа қожалықтары 13 га) гектар көкөніс егіледі. Жыл сайын егіс алқаптарын әртараптандыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, биылғы жылы 1300 гектарға арпа

дақылды себілмек. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 410 гектарға арпа. Сонымен бірге Қызылжар ауылдық округіне қарасты «Ерасыл» шаруа қожалығы – 200 гектар, Қараменде би ауылдық округі «Ескендір» шаруа қожалығы – 200 гектар. Сонымен қатар сапалы мал азығын дайындау мақсатында Кежек ауылдық округі «QazaQ Meab» ЖШС 500 гектарға көпжылдық шөп егуді жоспарға қойған.

–Егістікке қажетті минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтер де дайын. Қолда бар тұқым – 200 тонна. Бүгінгі күнге 240 тонна тұқым немесе 120 %-ы сараптамаға апарылған. Тұқым репродукциялық қорытындысы бойынша 145 тоннасы 2 клас, 95 тоннасы 3 клас. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына 1 шаруашылық жүргізушіге қажетті көпжылдық шөптің 21 тоннасына сұраныс берілді. Бүгінгі күнге Абай ауданындағы ЖШС «Шанс» репродуктор кәсіпорнынан Жидебай ауылдық округінен «Мұқағали» шаруа қожалығы жетекшісі Ж.Баймолла 15 тонна арпа, 12 тонна бидай және 5 тонна картоп тұқымын әкелінді. Сондай-ақ, аудан бойынша көктемгі егінге мемлекет тарапынан 50 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Оператор «Retail Trade» ЖШС. Әр ауылдық округ және шаруашылықтар таратпасында бөлініс жасалып, жұмысты ұйымдастыру үшін жолданды. Бүгінгі күнге 2 шаруашылық шартқа отырды. Кежек ауылдық округіне қарасты «QazaQ Meab» ЖШС – 5,8 тонна, Қызылжар ауылдық округіне қарасты «Арай» шаруа қожалығы – 5,0 тонна. Барлығы – 10,8 тонна. Бөлінген жанар-жағармайды

алуды ауылдық округ әкімдері қамтамасыз ету тапсырылады. Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге жұмыс жоспары бойынша «К-700» – 7 дана, донғалақты трактор «МТЗ» – 12 дана, шынжыр табанды «ДТ-75» тракторы – 3 дана, дән себетін «СЗС-2.1» – 33 дана, автокөлік «КамАЗ» – 7 дана, «ПТС-4» трактор тіркемесіне 11 дана ауылшаруашылық техникаларынан қатысады деп болжануда. Бүгінгі күнге тракторлар дайындығы – 97 пайыз, дән сепкіштер – 81 пайыз. Егін егу – жауапты кезең. Көктемгі егіс-дала жұмыстары алдағы уақытта қарқын ала түспек. Ендігі міндет – берілген мүмкіндікті толық пайдалана отырып, ұйымшылдықпен еңбек ету. Берекелі игілікті іс барысында егін егумен айналысатын әрбір шаруашылықтың басшысы мен диқаншаға үлкен жауапкершілік пен міндет жүктеледі. Өйткені, көктемнің әр күні – жылға азық, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Осылайша әр ауылдық округте көктемгі егіс жұмыстары басталып, егіс дақылдарын жоспарға сай орналастыру мықтап қолға алынуда. Несібесін жерден жинайтын шаруалар қауымының бел жазбай еңбек ететіні де осы кез. Байқауымызша, биылғы жылы атақәсіпті нәсіп еткен ақтоғайлықтар егістің жылдық орташа өнімділігі көлемін өткен жылдарға қарағанда едәуір арттыруға ниетті көрінеді. Әрине, дала еңбеккерлері талмай еңбек етсе, қандай межеге де қол жеткізуге болатыны анық.

Думан Аманкелдіұлы.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Директор-Бас редактор: Г.Е.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан ҚАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

